

**СИЛЛАБУС**  
**2024-2025 оқу жылының күзгі семестрі**  
**6B04205 «Құқықтану», 6B04202 «Мемлекеттік қызмет», 6B04206 - «Корпоративтік құқық», 6B04204**  
**Қаржы құқығы, 6B04203 «Кеден іс»**  
**білім беру бағдарламасы**

Пәннің ID және атауы	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ)	кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігі мен студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ)	
		Дәріс (Д)	Семинар сабақтар	Зерт. сабақтар			
63970 Конституциялық құқық	5	1.7	3.3	0	5	6	
<b>Пән туралы академиялық ақпарат</b>							
Оқытудың түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері		Қорытынды бақылау түрі мен платформасы		
Офлайн	БК / ЖОК	проблемалық, теоретикалық, сараптамалық,	сұрақ-жауап, ситуациялық есептер шешу, логикалық тапсырмалар		Универ оқыту жүйесінде тест		
<b>Дәріскер:</b>	Жарболова Айгерім Жақсылық кызы - з.ғ.к., аға оқытушы						
<b>e-mail:</b>	zharbolova.aigerym@mail.ru						
<b>Телефон (дары):</b>	87756249862						
<b>Ассистент (тер):</b>	Жарболова А.Ж. - з.ғ.к., аға оқытушы Алкебаева Д.А. – оқытушы Ондашұлы Е. - з.ғ.м., аға оқытушы Смагулова С.К. – оқытушы Нурбакытова Ж.Н. – оқытушы						
<b>e-mail:</b>	zharbolova.aigerym@mail.ru alkebaevazhanat@gmail.com ernuron@mail.ru sanray.group@mail.ru zhibek.nurbakytova@gmail.com						
<b>Телефоны:</b>	87756249862 Жарболова А.Ж 87027644312 Алкебаева Д.А 8702-3084588 Ондашұлы Е. 87750715481 Смагулова С.К. 87077702800 Нурбакытова Ж.Н.						
<b>ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ</b>							
Пәннің мақсаты	*Оқытудың күтілетін нәтижелері (ОН)		ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)				
Пәннің мақсаты: түрлі практикалық жағдайларды шешу үшін конституциялық-құқықтық нормаларды қолдану, конституциялық-құқықтық заңнаманы талдау, оны дамыту	<b>ОН 1.</b> Конституциялық-құқықтық нормаларға талдау жүргізе отырып жүргізіліп жатқан конституциялық реформаларды бағалау негізінде Қазақстан Республиканың конституциялық құрылысының негіздерінің өзгешеліктерін анықтау		<b>ЖИ 1.1</b> конституциялық-құқықтық қатынастарды анықтап, олардың мазмұнын құрайтын элементтерді саралау <b>ЖИ 1.2</b> ҚР-ның конституциялық заңнамасының даму сатыларын, олардың өзгешеліктерін зерттеу <b>ЖИ 1.3</b> ҚР-ның конституциялық құрылысының негіздерінің құқықтық бекітілуін білу				
	<b>ОН 2.</b> Жеке адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының жүзеге		<b>ЖИ 2.1</b> ҚР-да жеке адамның құқықтық				

бойынша қорытынды жасау және өз көзқарасын негіздеу қабілеттігін калыптастыру	асырылуының және сақталуының тетіктерін анықтап, бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің құқықтық жолдарына талдау жасау	жағдайының негіздерін бекітетін актілермен танысу <b>ЖИ 2.2</b> жеке азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін зерттеу
	<b>ОН 3.</b> Азаматтардың мемлекеттің саяси өміріне араласуы мен мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысуының жолдарын бекітетін конституциялық-құқықтық нормаларды ұғынып, оларға дұрыс түсіндірме беру	<b>ЖИ 3.1</b> саяси жүйесінің реттелу және қолданылу жағдайын зерттеп, талдау; <b>ЖИ 3.2</b> азаматтардың саяси құқықтарын және оларды жүзеге асыру тәртібін бекітетін құқықтық актілердің мазмұнын ашу; <b>ЖИ 3.3</b> республикалық және жергілікті сайлаулар өткізу практикасына талдау жасау <b>ЖИ 3.4</b> мемлекет өмірінде республикалық референдумның алатын орнын түсіну және референдум өткізу практикасын талдау
	<b>ОН 4.</b> Мемлекеттік билік тармақтарының ұйымдастырылуы мен қызметіне, олардың өзара қатынасының негіздеріне құқықтық талдау жүргізе отырып мемлекеттік және жергілікті басқаруды жүзеге асыруда заңнамаға қатаң сәйкестікте әрекеттер жасауға және шешімдер қабылдауға қабілетті болу	<b>ЖИ 4.1</b> мемлекеттік билік және басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің негіздерінің бекітілуіне талдау жасау <b>ЖИ 4.2</b> Қазақстанда президент институтының даму сатыларын, Президенттің өкілеттіктерін және оның билік органдарымен қатынасын зерттеу <b>ЖИ 4.3</b> Парламенттің конституциялық-құқықтық мәртебесімен және оның заң шығару практикасымен танысу <b>ЖИ 4.4</b> Үкіметтің өкілеттіктерін зерттеп оның атқарушы билік жүйесінде алатын орны мен рөлін анықтау <b>ЖИ 4.5</b> жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқарудың дамуы мен қызмет етуінің теориясымен және құқықтық реттелуімен танысу
	<b>ОН 5.</b> Конституцияның жоғарылығын қамтамасыз етуге арналған конституциялық қадағалау институтын жетілдіру мақсатында тиісті институттың ұйымдастырылуы мен қызметін бекітетін республикалық заңнаманы, практикалық деректерді талдап, оларға баға беру.	<b>ЖИ 5.1</b> Конституцияның жоғарылығының мәнін ашу және оның бұзылмауын қамтамасыз ету жолдарын анықтап, талдау <b>ЖИ 5.2</b> Конституциялық қадағалау органында іс жүргізу (конституциялық өндіріс) тәртібімен және тәжірибесімен танысу, оның қызметін жетілдіру бойынша теориялық аспектілерді талдау
<b>Пререквизиттер</b>	-	
<b>Постреквизиттер</b>	ТР 3214 Еңбек құқығы, МР 3218 Муниципалдық құқық, АО 3221 Әкімшілік жауаптылық, РSh 3220 Адам құқығы, GSRK 4311 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет	
<b>Оқу ресурстары</b>	<b>Әдебиеттер:</b> <i>Негізгі:</i> 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Астана, 2018. – 664 б 2. Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: акад. курс / Ф. Сапарғалиев. – 4 бас. - Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 536, [4] б 3. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: дәрістер жинағы / А. Ж. Жарболова әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. - 217, [3] б. 4. А.Ж. Жарболова «ҚР конституциялық құқығы» пәнінен семинар сабақтарына қосымша дайындық материалдары. Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2015ж.	

	<p>5. А.Ж.Түсүпова, А.Ж.Жарболова. Қазақстан Республикасының және шет елдердің конституциялық құқығы (схемалар мен анықтамаларда). Оқу-практикалық құрал. Алматы. «Қазақ университеті», 2021</p> <p><i>Қосымша:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3.Ж.Кенжалиев, В.А.Ким. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы. Алматы: Жеті жарғы, 2008 – 198 б.</li> <li>Жанузакова Л.Т. Закон Республики Казахстан О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан. Комментарий. Приложение к журналу “Мәслихат” №4, Алматы – 2010.</li> <li>Дёмин А.А. Государственная и муниципальная служба. Учебник. 2-е изд. пер. и доп., М., 2020;</li> <li>Овчинников И. И., Писарев А. Н. – Муниципальное право. 3-е изд., пер. и доп. Учебник и практикум для СПО - М.: Издательство Юрайт - 2019 - 361с.</li> <li>Избирательное право Республики Казахстан [Текст]: науч.-практ. пособие / О. К. Кобабаев, К. К. Айтхожин, М. Б. Кудайбергенов и др. - Астана: Юристы за справедливый выбор, 2009. - 194, [2] с.</li> </ol> <p><b>Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>«Параграф» АЖ.</li> <li>Кибер Ленинка.</li> <li>Springer Nature</li> <li>Elsevier Scopus корпорациялары.</li> </ol> <p><b>Интернет ресурстар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасының Конституциясы (17.09.2022 өзгерістер мен толықтыруларымен) // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000</a></li> <li>Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі конституциялық заң // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464</a></li> <li>Республикалық референдум туралы 1995 жылғы 2 қарашадағы конституциялық заң // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592</a></li> <li>Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы 2020 жылғы 25 мамырдағы заң // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000333">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000333</a></li> <li>Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы 2001 жылғы 23 қаңтардағы заң // <a href="https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021546">https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021546</a></li> <li>Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы ҚР конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ. // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153</a></li> <li>Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 конституциялық заңы // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002529">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002529</a></li> <li>Мейірбекова Г.Б., Жарболова А.Ж., Тусупова А.Ж. Сайлаудың демократиялық мемлекеттердегі орны мен рөлі // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ХАБАРШЫ. Заң сериясы. - 2020. - №1 (93). - 34-44 бб. // <a href="file:///C:/Users/Admin/Downloads/2260-1-4603-1-10-20200422%20(1).pdf">file:///C:/Users/Admin/Downloads/2260-1-4603-1-10-20200422%20(1).pdf</a></li> <li>Уваров В.Н. Местное государственное управление и самоуправление: единство и соотношение // <a href="https://cyberleninka.ru/article/n/mestnoe-gosudarstvennoe-upravlenie-i-samoupravlenie-edinstvo-i-sootnoshenie/viewer">https://cyberleninka.ru/article/n/mestnoe-gosudarstvennoe-upravlenie-i-samoupravlenie-edinstvo-i-sootnoshenie/viewer</a></li> </ol>
<p><b>Пәннің академиялық саясаты</b></p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОМӨЖ, МӨЖ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p><b>Сабаққа қатысуы.</b> Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p><b>Академиялық адалдық.</b> Практикалық/зертханалық сабақтар, МӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді.</p>

	<p>Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p><b>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.</b> Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық магистранттар үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, +77756249862 телефоны /<a href="mailto:zharbolova.aigerym@mail.ru">zharbolova.aigerym@mail.ru</a> арқылы кеңестік көмек ала алады.</p> <p><b>Назар салыңыз!</b> Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
--	--

### БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері		
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы	<p><b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p><b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. СӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 5 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>	
A-	3,67	90-94	Жақсы		
B+	3,33	85-89			
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық		
C+	2,33	70-74			
C	2,0	65-69			
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлықсыз	Дәрістердегі белсенділік	
D+	1,33	55-59		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	30
D	1,0	50-54		Өзіндік жұмысы	30
FX	0,5	25-49		Қорытынды бақылау (емтихан)	40
F	0	0-24		ЖИЫНТЫҒЫ	100

### ОҚУ КУРСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ КҮНТІЗБЕСІ (КЕСТЕСІ). ОҚЫТУДЫҢ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕРІ.

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Ең жоғары балл
<b>1 МОДУЛЬ. Конституциялық құқықтың түсінігі, пәні, құқық жүйесіндегі орны</b>			
1	Д. 1 Конституциялық құқығы - ұлттық құқықтың жетекші саласы	1	

	<b>СС. 1</b> Конституциялық құқығының ұлттық құқық жүйесіндегі рөлі, конституциялық құқық ғылымы	2	7
2	<b>Д. 2</b> Конституция - мемлекеттің негізгі заңы	1	
	<b>СС. 2</b> Конституцияның құқықтық актілер жүйесіндегі орны	2	7
	<b>ОСӨЖ 1.</b> СӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: «Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдері»		
3	<b>Д. 3</b> Конституциялық құрылысы және оның негіздері	1	
	<b>СС. 3</b> ҚР конституциялық құрылысының негіздері, олардың мағынасы мен мәні.	2	7
	<b>СӨЖ 1</b> «Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдері», Орындау және тапсыру түрі: жазбаша, реферат		17
4	<b>Д. 4</b> ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері	1	
	<b>СС. 4</b> ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерінің мәні мен мазмұны	2	7
	<b>ОСӨЖ 2.</b> СӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып «Азаматтық институтының конституциялық-құқықтық реттелуі»		
5	<b>Д. 5</b> Конституциялық құқықтар мен бостандықтар және міндеттер.	1	
	<b>СС. 5</b> Конституциялық құқықтар мен бостандықтар: түсінігі және түрлері. Конституциялық міндеттер	2	7
	<b>СӨЖ 2.</b> Тақырып: Азаматтық институтының конституциялық-құқықтық реттелуі. - Заң негізінде ситуациялық жағдайларды шешу		17
<b>2 МОДУЛЬ. Мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері</b>			
6	<b>Д. 6</b> Сайлау құқығы, оның қағидалары	1	
	<b>СС. 6</b> Сайлау құқығы. Сайлау құқығының түрлері мен қағидалары	2	7
	<b>ОСӨЖ 3.</b> СӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Қазақстан Республикасында шет елдіктердің құқықтық жағдайы		
7	<b>Д. 7</b> Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі	1	
	<b>СС. 7</b> Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі, сайлау жүйесінің түрлері	2	7
	<b>СӨЖ 3.</b> Қазақстан Республикасында шет елдіктердің құқықтық жағдайы, Орындау нысаны: ауызша. Тапсыру түрі: сұрақ-жауап.		17
<b>АБ 1</b>			<b>100</b>
8	<b>Д. 8</b> Қазақстан Республикасы Президенті, оның құқықтық мәртебесі, өкілеттіктері	1	
	<b>СС. 8</b> Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық жағдайы	2	7
	<b>ОСӨЖ 4.</b> СӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Сайлау процесі, оның сатылары.		
9	<b>Д. 9</b> Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі	1	
	<b>СС. 9</b> ҚР Парламентінің ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері	2	7
	<b>СӨЖ 4.</b> Тақырып: Сайлау процесі, оның сатылары. Орындау нысаны: Жағдаяттық есептерді шешу.		24
10	<b>Д. 10</b> Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығару қызметі	1	
	<b>СС. 10</b> Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығармашылығы	2	7
11	<b>Д. 11</b> Қазақстан Республикасының Үкіметі, оның конституциялық-құқықтық мәртебесі	1	
	<b>СС. 11</b> Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің негіздері	2	7
	<b>ОСӨЖ 5.</b> СӨЖ 5 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Қазақстан Республиканың сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметі Орындау нысаны: презентация		
12	<b>Д. 12</b> ҚР конституциялық қадағалау органының конституциялық-құқықтық мәртебесі	1	

	СС. 12 Қазақстанда конституциялық қадағалаудың ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері	2	7
13	Д. 13 Конституциялық өндіріс	1	
	СС. 13 ҚР Конституциялық Сотта іс жүргізу	2	7
	СӨЖ 5. ҚР сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметі. Орындау нысаны: жазбаша Тапсыру түрі: презентация		20
14	Д.14 ҚР мергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқарудың ұйымдастырылуы мен қызметінің конституциялық негіздері	1	
	СС. 14 Қазақстанда жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық реттелуі	2	7
15	Д.15 Қазақстан Республикасындағы тікелей демократия нысандары, олардың құқықтық реттелуі	1	
	СС.15 Қазақстанда тікелей демократия нысандарының конституциялық-құқықтық ұйымдастырылуы	2	7
	ОСӨЖ 6. Емтиханға дайындық мәселесі бойынша кеңес беру.		
<b>АБ 2</b>			100
<b>Қорытынды бақылау (емтихан)</b>			<b>100</b>
<b>Пән үшін жиынтығы</b>			<b>100</b>

Декан

Оқыту және білім беру сапасы бойынша  
Академиялық комитет төрағасы

Кафедра меңгерушісі

Дәріскер



Ахатов У.А.

Урисбаева А.А.

Усеинова К.Р.

Жарболова А.Ж.

### 1 СӨЖ бойынша жиынтық бағалау рубрикаторы оқу нәтижелерін бағалау критерийлері

«Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдері» тақырыбында реферат жазу (АБ 100%-ның 17%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Берілген сұрақтардың жұмыстың негізгі бөлімінде ашылып, қарастырылуы	Берілген сұрақтар жұмыстың мазмұнында толық ашу және талдау жасау. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер жасау	Берілген сұрақтар жұмыстың негізгі бөлімінде ашылып, қарастырылады.	Берілген сұрақтардың жұмыстың мазмұнында үстіртін қарастырылуы және толық талдау жасалмауы. Ұсынылған дереккөздердің толық қолданылмауы, тиісінше сілтемелердің толық емес жасалуы	Берілген сұрақтардың жұмыстың мазмұнында толық қарастырылмауы, ауытқушылықтың орын алуы, талдау жасалмауы. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер бермеу.
ҚР Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін, олардың ерекшеліктерін теоретикалық тұрғыда түсінуі	Республика Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін, олардың ерекшеліктерін теоретикалық тұрғыда терең түсіну.	Республика Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін теоретикалық тұрғыда түсіну. Ұсынылған дереккөздерді	Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін толық емес, шектеулі теоретикалық тұрғыда түсіну.	ҚР-ның Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін теоретикалық тұрғыда шала, кате түсіну. Ұсынылған дереккөздерді

	Ұсынылған ғылыми әдебиеттерді, нормативтік базаны толық пайдаланып, оларға сілтемелер беру.	пайдаланып, нормативтік базаға сілтемелер беру.	Ұсынылған дереккөздерді ішінара пайдаланып, сілтемелер беру.	пайдаланбау, сілтемелер бермеу.
Жұмыстың қорытынды бөлімде ҚР Конституциясының қоғам мен мемлекет дамуындағы рөліне қатысты студенттің көзқарасының тұжырымдалуы	ҚР Конституциясының қоғам мен мемлекет дамуындағы рөлін жан-жақты саралап, Конституцияның әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі жеке көзқарастарын тұжырымдап оны жұмыстың қорытынды бөлімде баяндауы	ҚР Конституциясының қоғам мен мемлекет дамуындағы рөлін ашу, қорытындыда Конституцияның әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі ғылыми көзқарастарды пайдалану, баяндау	ҚР Конституциясының қоғам мен мемлекет дамуындағы рөлін шектеулі түрде талдау, алдағы уақытта Конституцияның әлеуетін пайдалануды үстірттіп баяндау	ҚР Конституциясының қоғам мен мемлекет дамуындағы рөлін түсінбеуі, Конституцияның әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі мәселенің қарастырылмауы
Тәуелсіз Қазақстанда Конституциялар қабылдау, 1995 жылғы Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу практикасын қорыту	1993 жылғы және 1995 жылғы ҚР Конституцияларын қабылдау, әрекет етуші Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу практикасын жан-жақты талдап, қорытынды жасау.	1993 ж. және 1995 жылғы ҚР Конституцияларын қабылдау практикасын қарастыру және әрекет етуші Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу практикасын талдап, қорыту	Тәуелсіз Қазақстанда Конституциялар қабылдау, 1995 жылғы Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу практикасын үстіртін саралап, талдау	Тәуелсіз Қазақстанда Конституциялар қабылдау, 1995 жылғы Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу практикасына сүйенбеу, тиісінше қорытынды жасамау
Жазу тілі, APA style	Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін талдап, жазу тілі түсінікті, анық, көзқарасы негізді, түсінікті және дұрыс. APA style-ды қатаң ұстанады.	Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін талдауы, жазу тілі анық, негіздемесі түсінікті және дұрыс. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдерін талдауының жүйесіздігі, әрі көзқарасының үстіртін негізделуі, тиісінше жазу тілінің түсініксіздеу болуы. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазу тілі түсініксіз, сөйлемдері баяланыссыз, көзқарасы негізсіз, қате. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.

## 2 СӨЖ бойынша ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Азаматтық институтының конституциялық-құқықтық реттелуі» (Азаматтық туралы заңнамасы негізінде құралған ситуациялық жағдайларды шешу (АБ 100%-ның 17%))

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Республиканың азаматтық туралы заңнамасын теоретикалық тұрғыда түсінуі	«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 20.12.1991 жылғы заңның жеке нормаларының	«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 20.12.1991 жылғы заңның жеке нормаларының мазмұнын түсіну.	«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 20.12.1991 жылғы заңның жеке нормаларының мазмұнын	«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 20.12.1991 жылғы заңның жеке нормаларының мазмұнын үстіртін түсіну/ түсінбеу.

	мазмұнын, мәнін терең түсіну. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер беру.	Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер беру.	шектеулі түсіну. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер беру.	Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер бермеу.
Қазақстан Республикасының азаматтығын реттейтін заңнаманы реформалаудың мәні мен мазмұнын саралауы және азаматтық алушығу процесінің құқықтық реттелуін білуі, талдау жасауы	Қазақстан Республикасының азаматтығын реттейтін заңнаманы реформалаудың мәні мен мазмұнын терең, жан-жақты саралау және ҚР азаматтығын алу және азаматтықтан шығу (тоқтату) процесінің құқықтық бекітілуін терең, түпкілікті түсіну әрі талдау жасау. Заңның тиісті баптарына сілтеме жасау.	Қазақстан Республикасының азаматтығын реттейтін заңнаманы реформалаудың мәні мен мазмұнын саралауы және ҚР азаматтығын алу және азаматтықтан шығу (тоқтату) процесінің құқықтық бекітілуін түсіну. Заңның тиісті баптарына сілтеме жасау.	ҚР азаматтығын реттейтін заңнаманы реформалаудың мәні мен мазмұнын үстіртін саралап, талдау және ҚР азаматтығын алу және азаматтықтан шығу (тоқтату) процесінің құқықтық бекітілуін шектеулі ұғыну. Заңның баптарына жалпы сілтеме жасау.	ҚР азаматтығын реттейтін заңнаманы Реформалауды қарастырмауы және ҚР азаматтығын алу және азаматтықтан шығу (тоқтату) процесінің құқықтық бекітілуін түсінбеуі. Заңнама нормаларына сілтеме жасалмауы.
Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және ҚР азаматтығынан шығу, жоғалту практикасын талдау, қорыту	Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және ҚР азаматтығынан шығу, жоғалту практикасын жан-жақты ашып, оған талдау жасау, талдау негізінде заңнаманы дамыту бойынша қорытынды жасау	Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және ҚР азаматтығынан шығу, жоғалту практикасын талдау, қорытынды жасау.	ҚР-ның азаматтығына қабылдау және Республика азаматтығынан шығу, жоғалту практикасын үстіртін талдап, қорыту	Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және ҚР азаматтығынан шығу, жоғалту практикасына сүйенбеу, тиісінше қорытынды жасамау
Жазу тілі, APA style	Республиканың азаматтық туралы заңнамасы негізінде құралған жағдаяттық есептерді шешу бойынша негіздемесі, өзінің шешімі нақты, түсінікті және дұрыс. APA style-ды қатаң ұстанады.	Республиканың азаматтық туралы заңнамасы негізінде құралған жағдаяттық есептерді шешу бойынша шешімі анық, түсінікті және дұрыс. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Республиканың азаматтық туралы заңнамасы негізінде құралған жағдаяттық есептерді шешу бойынша негіздемесі, өзінің шешімі нақты емес әрі шешімін ұзын сөйлемдермен баяндағандықтан түсініксіздеу. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Республиканың азаматтық туралы заңнамасы негізінде құралған жағдаяттық есептерді шешу негіздемесі жоқ, шешімі қате. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.

### 3 СӨЖ бойынша ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Қазақстан Республикасында шет елдіктердің құқықтық жағдайы» тақырыбы бойынша сұрақ-жауап  
(АБ 100%-ның 17%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ



адамдардың құқықтық жағдайын теоретикалық тұрғыда түсінуі	адамдардың құқықтық жағдайын, олардың ҚР азаматтарының құқықтық жағдайынан ерекшеліктерін теоретикалық тұрғыда жан-жақты, терең түсіну. Ұсынылған ғылыми әдебиеттер мен нормативтік базаны толық пайдаланып, оларға сілтемелер беру.	адамдардың құқықтық жағдайын, ерекшеліктерін теоретикалық тұрғыда түсіну. Ұсынылған дереккөздерді пайдаланып, нормативтік базаға сілтемелер беру.	жағдайын толық емес, шектеулі теоретикалық тұрғыда түсіну. Ұсынылған дереккөздерді ішінара пайдаланып, сілтемелер беру.	адамдардың құқықтық жағдайын, олардың ҚР азаматтарының құқықтық жағдайынан ерекшеліктерін теоретикалық тұрғыда қате түсіну. Ұсынылған дереккөздерді толық пайдаланбау, сілтемелер бермеу.
ҚР шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттерінің кешенін талдау, негізделген қорытынды жасау	Шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттерінің толық саралануы және шетелдіктердің құқықтық жағдайына қатысты өзіндік көзқарасын негізді тұжырымдауы	Шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттерінің қарастырылуы және шетелдіктердің құқықтық жағдайына қатысты өзіндік көзқарасын тұжырымдауы	Шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттерінің үстіртін қарастырылуы және толық талдау жасалмауы, тиісінше тақырып бойынша өзіндік көзқарасын негізді түрде тұжырымдай алмауы	Шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттеріне талдау жасамау. Әрі өзіндік көзқарасын білдірмеу
ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесінің құқықтық реттелуіне салыстырмалы талдау жасау	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесінің құқықтық реттелуін шет елдерде тиісті қатынасты реттейтін заңнамамен жан-жақты салыстыра отырып терең талдау	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесінің құқықтық реттелуін шет елдерде тиісті қатынасты реттейтін заңнамамен салыстыру, талдау	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесінің құқықтық реттелуін шет елдерде тиісті қатынасты реттейтін заңнамамен үстіртін салыстыру, негізсіз талдау жасау	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесінің құқықтық реттелуіне салыстыруды шала/қате жасау
Шетелдіктердің Қазақстанға келуі және кетуі практикасын талдау, қорыту	Шетелдіктердің Қазақстанға келуі және Қазақстаннан кетуі практикасын жан-жақты талдап, дұрыс қорытынды жасау.	Шетелдіктердің Қазақстанға келуі және одан кетуі практикасын саралап, талдау, қорыту	Шетелдіктердің Қазақстанға келуі және Қазақстаннан кетуі практикасын үстіртін саралап, талдау	Шетелдіктердің Қазақстанға келуі және Қазақстаннан кетуі практикасына сүйенбеу, тиісінше қорытынды жасамау
Баяндау тілі, APA style	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайын баяндау тілі түсінікті, анық, көзқарасы негізді және дұрыс.	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайын баяндау тілі түсінікті, көзқарасы дұрыс.	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайын баяндау тілі нақты емес, көзқарасы талапқа сай негізделмеген.	ҚР-ғы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайын баяндау тілі қате, негізделмеген, өзіндік көзқарасы жоқ.

**4 СӨЖ бойынша ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ  
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**«Сайлау процесі, оның сатылары. («ҚР сайлау туралы» 28.09.1995 ж. заң негізінде жағдаяттық есептерді шешу)» жағдаяттық есептерді шешу: жазбаша (АБ 100%-ның 24%)**

<b>Критерий</b>	<b>«Өте жақсы» 20-25 %</b>	<b>«Жақсы» 15-20%</b>	<b>«Қанағаттанарлық» 10-15%</b>	<b>«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%</b>
Сайлау құқығы мен сайлау жүйесін теоретикалық тұрғыда түсінуі	Сайлау құқығы мен сайлау жүйесінің теоретикалық мәселелерін терең, жан-жақты түсіну. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер беру.	Сайлау құқығы мен сайлау жүйесінің теоретикалық мәселелерін түсіну. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер беру.	Сайлау құқығы мен сайлау жүйесінің теоретикалық мәселелерін тар мағынада, шектеулі түсіну. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер беру.	Сайлау құқығы мен сайлау жүйесінің теоретикалық мәселелерін шала үстіртін түсіну/ түсінбеу. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер бермеу.
ҚР-да сайлау жүйесін реформалаудың мәні мен мазмұнын саралауы және сайлау процесінің құқықтық реттелуін білуі, талдау жасауы	Қазақстанда сайлау жүйесін реформалаудың мәні мен мазмұнын жан-жақты саралау және сайланбалы тұлғаларды сайлау тәртібінің құқықтық бекітілуін терең, түпкілікті түсіну әрі талдау жасау. Заңның тиісті баптарына сілтеме жасау.	Қазақстанда сайлау жүйесін реформалаудың мәні мен мазмұнын саралау және сайланбалы тұлғаларды сайлау тәртібінің құқықтық бекітілуін түсіну. Заңның тиісті баптарына сілтеме жасау.	Қазақстанда сайлау жүйесін реформалаудың мәні мен мазмұнын үстіртін саралап, талдау және сайланбалы тұлғаларды сайлау тәртібін конституциялық-құқықтық бекітілуін шектеулі ұғыну. Заңның баптарына жалпы сілтеме жасау.	Қазақстанда сайлау жүйесін дамыту жөніндегі реформаларға талдау жүргізбеуі және сайлау қатынастарының заңи бекітілуін түсінбеуі. Сайлау туралы заңның баптарына сілтеме жасалмауы.
Қазақстанда сайлаулар өткізілуі практикасын қорыту	ҚР Президентін, өкілді орган депутаттарын және әкімдерді сайлау практикасын жан-жақты талдап, қорытынды жасау.	ҚР Президентін, өкілді орган депутаттарын және әкімдерді сайлау практикасын талдап, қорыту	ҚР Президентін, өкілді орган депутаттарын және әкімдерді сайлау практикасын үстіртін талдап, қорыту	ҚР Президентін, өкілді орган депутаттарын және әкімдерді сайлау практикасына сүйенбеу, тиісінше қорытынды жасамау
Жазу тілі, APA style	Жағдаяттық есептерді шешу бойынша негіздемесі, өзінің шешімі нақты, түсінікті және дұрыс. APA style-ды қатаң ұстанады.	Жағдаяттық есептерді шешу бойынша негіздемесі, өзінің шешімі нақты, түсінікті және дұрыс. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Жағдаяттық есептерді шешу бойынша негіздемесі, өзінің шешімі нақты емес әрі шешімін ұзын сөйлемдермен баяндағандықтан түсініксіздеу. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жағдаяттық есептерді шешу негіздемесі жоқ, шешімі қате. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.

**5 СӨЖ бойынша ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ  
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**«ҚР сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметі». Жазбаша: презентация (АБ 100%-ның 20%)**

<b>Критерий</b>	<b>«Өте жақсы» 20-25 %</b>	<b>«Жақсы» 15-20%</b>	<b>«Қанағаттанарлық» 10-15%</b>	<b>«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%</b>
Қазақстан Республикасында сот жүйесінің ұйымдастырылуы	Қазақстанда сот жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметін	ҚР сот жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметін реттейтін	ҚР сот жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметін реттейтін нормативтік актілердің,	ҚР сот жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметін реттейтін қолданылмайды

мен қызметін реттейтін нормативтік актілердің, ғылыми материалдардың мазмұнының зерттелуі	реттейтін нормативтік актілердің, ғылыми материалдардың мазмұнының терең, салыстырмалы түрде зерттелуі	нормативтік актілердің, ғылыми материалдардың мазмұнының зерттелуі	ғылыми материалдардың мазмұнының толық емес түрде, үстіртін зерттелуі	нормативтік актілердің толық қарастырылмауы, ескі нормативтік актілердің пайдаланылуы және ғылыми материалдардың мазмұнының үстіртін зерттелуі
ҚР-да сот жүйесінің ұйымдастырылу мен қызметінің негіздерін теоретикалық тұрғыда саралау	ҚР-да сот жүйесінің ұйымдастырылу мен қызметінің конституциялық негіздерін теоретикалық тұрғыда терең, жан-жақты саралау. Ұсынылған дереккөздерді талдап, оларға сілтемелер беру.	ҚР-да сот жүйесінің ұйымдастырылу мен қызметінің конституциялық негіздерін теоретикалық тұрғыда саралау, түсіну. Ұсынылған теоретикалық деректерді пайдалану, оларға сілтемелер беру.	ҚР-да сот жүйесінің ұйымдастырылу мен қызметінің конституциялық негіздеріне теоретикалық тұрғыда кең талдау жүргізбеу, шектеулі түрде саралау. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер беру.	Қазақстанда сот жүйесінің ұйымдастырылу мен қызметінің конституциялық негіздерін теоретикалық тұрғыда шала үстіртін саралау, тиісінше тиісті мәселені дұрыс түсінбеу. Ұсынылған дереккөздерге сілтемелер бермеу.
	Қазақстанда сайлау жүйесін реформалаудың мәні мен мазмұнын жан-жақты саралау және сайланбалы тұлғаларды сайлау тәртібінің құқықтық бекітілуін терең, түпкілікті түсіну әрі талдау жасау. Заңның тиісті баптарына сілтеме жасау.	Қазақстанда сайлау жүйесін реформалаудың мәні мен мазмұнын саралау және сайланбалы тұлғаларды сайлау тәртібінің құқықтық бекітілуін түсіну. Заңның тиісті баптарына сілтеме жасау.	Қазақстанда сайлау жүйесін реформалаудың мәні мен мазмұнын үстіртін саралап, талдау және сайланбалы тұлғаларды сайлау тәртібін конституциялық-құқықтық бекітілуін шектеулі ұғыну. Заңның баптарына жалпы сілтеме жасау.	Қазақстанда сайлау жүйесін дамыту жөніндегі реформаларға талдау жүргізбеуі және сайлау қатынастарының заңи бекітілуін түсінбеуі. Сайлау туралы заңның баптарына сілтеме жасалмауы.
2022 жылғы конституциялық реформа негізінде Қазақстанда Конституциялық соттың құрылып, қызмет ету практикасын қорыту	2022 ж. конституциялық реформа негізінде Қазақстанда Конституциялық соттың құрылып, қызмет ету практикасын жан-жақты талдап, қорытынды жасау.	2022 жылғы конституциялық реформа негізінде Қазақстанда Конституциялық Соттың құрылып, қызмет ету практикасын талдап, қорыту.	2022 ж. конституциялық реформа негізінде ҚР-да Конституциялық Соттың құрылып, қызмет ету практикасын үстіртін талдап, шала қорыту	2022 ж. конституциялық реформа негізінде ҚР-да Конституциялық Соттың құрылып, қызмет ету практикасына сүйенбеу, тиісінше қорытынды жасамау
Баяндау стилі, тілі	ҚР сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметінің негіздерін баяндау тілі анық, түсінікті, шешімі негізді баяндалған, дұрыс. APA style-ды қатаң ұстанады.	ҚР сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметінің негіздерін баяндау тілі қарапайым, түсінікті, негіздемесі дұрыс. Негізінен APA style-ды ұстанады.	ҚР сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметінің негіздерін баяндау тілі нақты емес, шешімдері түсініксіз. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	ҚР сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметінің негіздерін баяндау тілі түсініксіз, аса ғылымиланған, негіздемесі жоқ. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.